- 6.4.2. әрбір күнтізбелік айдың соңында клиенттің жинақтаушы шотындағы ақша қалдықтары туралы.
- 6.5. Клиент/төлем карточка иеленушісі SMS-хабарлауға қосылу жөніндегі арызда көрсетілген тек қана тіркелген телефон нөмірі және оған қосылған жинақтаушы шоттың/төлем карточканың нөмірі бойынша ұсынылады.
- 6.6. Клиент/төлем карточка иеленушісі SMS-хабарлауға қосылған жағдайда оның атына ашылған бір немесе бірнеше жинақтаушы шоттар, сондай-ақ бірнеше төлем карточкалар бойынша операциялар туралы ақпаратты тіркелген телефон нөміріне алуға құқылы .
- 6.7. Клиент/төлем карточка иеленушісі бірнеше ұялы телефонның нөмірлерін, Банкке олардың әрқайсысына SMS-хабарлау қызметтеріне қосылу жөніндегі бөлек арызын ұсынып тіркеуге құқылы .
- 6.8. Клиент/төлем карточка иеленушісі әрбір жинақтаушы шот/төлем карточка бойынша SMS-хабарлау үшін Банкке Банктің тарифтеріне сәйкес сыйақы төлейді. Сыйақы төлем карточканы (бұдан әрі – ағымдағы шот) пайдаланумен ұсынылатын ену, жинақтаушы немесе ағымдағы шотты жүргізу валютасында алынады.
- 6.9. Клиент/төлем карточка иеленушісі SMS-хабарлауға байланысты Банктің қызметтеріне ақы төлеуді жинақтаушы/ағымдағы шотынан акцептсіз тәртіпте ақшаны алу жолымен ай сайын күнтізбелік айдың 10 (оныншы) жұлдызында жүзеге асырады.
- 6.10. Жинақтаушы/ағымдағы шотта SMS-хабарлауға сыйақыны төлеу үшін жеткілікті ақша сомасы белгіленген төлеу күнінен 10 (он) жұмыс күнінен артық болмаған жағдайда Банк SMS-хабарлау ұсынуды тоқтатады.
- 6.11. Банктік шотқа ақша түскеннен және Банктің SMS-хабарлау бойынша қызметтері үшін берешек сомасын алғаннан кейін қызметтердің ұсынылуы жаңартылады.
- 6.12. Клиент/төлем карточка иеленушісі ақы төлемеген жағдайда Банк өз қалауы бойынша қызметтердің ұсынуын тоқтатуға құқылы.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Банк:

- Шартпен және осы Талаптармен көзделген тәртіпте электрондық банктік қызметтерді ұсынуға ;
- Клиентке электрондық банктік қызметтерді алу үшін қажетті ПИН-код пен сессиялық кодтарды ұсынуға;
- осы Талаптармен белгіленген тәртіпте Клиенттің арызы бойынша электрондық банктік қызметтердің ұсынылуын тоқтата тұруға;
- Клиенттің сұранысы бойынша электрондық пошта арқылы Клиент көрсеткен электрондық адресіне жолдау жолымен сұранысты алған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиентке ұсынылған электрондық банктік қызметтердің негізінде электрондық құжаттарды жіберу және/немесе алу жөнінде растау ұсынуға;
- осы Талаптармен белгіленген тәртіпте Клиенттен жазбаша арыз алған кезде Клиенттің нұсқауы/арызы негізінде тоқтатылған/тоқтата тұрған электрондық банктік қызметтерді ұсынуды қайтадан бастауға міндетті.

7.2. Банк:

- Акцептсіз тәртіпте Клиенттің банктік шотынан алуға:
 - а) Банктің тарифтеріне сәйкес көрсетілген электрондық банктік қызметтері үшін сыйақы сомасын алуға;
 - б) Клиенттің Нұсқаулығында көрсетілген Оператордың пайдасына төлем сомасын алуға;
 - в) Клиенттің басқа банктік шоттарына аударуға жататын сомасын/айырбастауға жататын соманы;
 - г) мобильдік төлемдер жүйесіне тіркелген басқа Клиенттердің банктік шоттарына аударуға жататын сомаларды;
- Егер Клиенттің Нұсқаулығын алған кезеңіне банктік шотта ақша қалдығы Банкке төлеуге жататын төлем және сыйақы сомасынан аз болғанда, электрондық банктік қызметтерді ұсынудан бас тартуға ;
- Тіркелмеген телефон нөмірінен SMS-хабарлау алған жағдайда электрондық банктік қызметтерді ұсынудан бас тартуға;
- өз бастамасымен және өз есебінен әр уақытта тіркелген телефон нөміріне банктік қарыз туралы ақпараты бар (мысалы, кезекті төлемнің датасы туралы, банктік қарыз бойынша берешектің көлемі туралы ескерту), Банкпен көрсетілетін банктік қызметтер туралы ақпаратты-жарнамалық сипаттағы мәліметтер бар SMS-хабарлауды жіберуге.

- Тіркелген телефон нөміріне Клиент сұраған мәліметтерді/ақпаратты (сессиялық пин-кодтарды қоса) жіберуге.

- Шартты және осы Талаптардың немесе тарифтерді өзгертуі туралы осындай өзгертулер енгізілетін күннен 10 (он) жұмыс күні бұрын Клиентті хабардар ете отырып, Шартты және осы Талаптар мен тарифтерді бір жақты тәртіппен мынадай жолмен өзгертуге:

а) Банк филиалдарында хабарландыруларды орналастыру;

б) және/немесе Банктің сайтында хабарландыруларды орналастыру;

в) және/немесе тіркелген телефон нөміріне хабарландыру бар SMS-хабарлау жіберу.

- Клиент сессиялық кодын/ПИН-кодын, растау коды мен операцияны растау паролін қате көрсеткен жағдайда Оператордың/Операторлардың пайдасына төлемдерді жүзеге асырудан бас тартуға;

- Шартта көзделген негіздері бойынша транзакциялық–банктік қызметтерді жүзеге асырудан бас тартуға;

- Дұрыс сессиялық/ПИН-кодты, растау коды мен операцияны растау паролін пайдаланумен жүзеге асырылған операциялар бойынша Клиенттің шағым-талаптарын қараудан бас тартуға;

- Интернет-банкингте интерфейсін және техникалық бейімдеудің өзгертулерін жүзеге асыруға;

- Банк осы Талаптардың 12 тарауымен көзделген негіздері бойынша электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға **құқылы**.

7.3. Клиент:

- Электрондық банктік қызметтеріне тарифтермен белгіленген көлемде, Шартта және осы Талаптарда белгіленген тәртіппен ақы төлеуге;

- өз деректемелері өзгерген жағдайда Банкке жаңа деректемелерді көрсетіп арыз ұсынуға;

- операцияларды жүзеге асырғанда Банктің сайтында және/немесе электрондық терминалдарда орналасқан Банктің нұсқаулықтарын сақтауға;

- байланыс оператордағы ұялы телефонның нөмірін, ол жоғалған/ұрланған жағдайда кідірмей оқшаулауға;

- электрондық банктік қызметтерді барлық пайдалану уақытының ішінде идентификациялық кодтың, ПИН-кодтарының, сессиялық ПИН-кодының және парольдарының құпиялығын қамтамасыз етуге және сессиялық ПИН-кодтарды үшінші тұлғаларға бермеуге,

- операцияны растау паролі, растау кодтары, пайдаланушының аттары және парольдары туралы ақпаратты үшінші тұлғалардың қол жетпейтін орындарда сақтауға;

- электрондық құрылғының клавиатурасында терілетін растау кодының немесе операцияны растау паролінің/ парольдің сандарының комбинациясын әлдекімдердің қарауына жол бермеуге.

- Логин және/немесе пароль туралы ақпарат жарияланған жағдайда интернет-банкингтегі жеке теңшелімдерінде парольдың ауыстыруын жүзеге асыруға;

- ПИН-кодтар туралы ақпарат жарияланған жағдайда интернет-банкингтегі жеке теңшелімдерінде ПИН-кодтың жаңартуын жүзеге асыруға,

- Тіркелген телефон нөмірі бар ұялы телефон жоғалған жағдайда – ұялы байланыс операторы арқылы тіркелген телефон нөмірін оқшаулауға;

- Тіркелген телефон нөмірі бар ұялы телефонды үшінші тұлғаларға берген жағдайда - интернет-банкингтегі жеке теңшелімдерінде тіркелген телефон нөмірін өзгертуге;

- Тіркелген телефон нөмірі бар SIM-карта жоғалған/ үшінші тұлғаға берілген жағдайда - ұялы байланыс операторы арқылы тіркелген телефон нөмірін оқшаулауға/ интернет-банкингтегі жеке теңшелімдерінде тіркелген телефон нөмірін өзгертуге/ Банкті мобильдік төлемдер жүйесіне кіруді оқшаулау қажеттілігі жөнінде хабардар етуге;

- Тіркелген телефон нөмірі бар ұялы телефон жоғалған немесе ұрланған жағдайда – Банкті мобильдік төлемдер жүйесіне кіруді оқшаулау қажеттілігі жөнінде хабардар етуге;

- Тіркелген телефон нөмірі бар ұялы телефон үшінші тұлғаларға берілген жағдайда - мобильдік төлемдер жүйесінде тіркелген телефон нөмірлерін өзгерту туралы Банктің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша арыз ұсынуға/ тіркелген телефон нөмірін интернет-банкинг немесе Банк банкоматы арқылы өзгертуге;

- операцияна растау паролі жария болған немесе жоғалған кезде, пайдаланушының жадынамасында белгіленген тәртіппен әрекет жасай отырып, операцияны растау паролін ауыстыруға **міндетті**.

7.4. Клиент:

- Шартта және осы Талаптарда көзделген тәртіппен электрондық банктік қызметтерді пайдалануға;

- осы Талаптарда көзделген тәртіпте Банктен ақпарат алуға;

- Банктен Клиенттің Нұсқаулығы негізінде жасалған белгілі Операторлардың пайдасына төлемдер жасалғаны жөнінде растауды қағаз түріндегі таратқыштармен алуға;

- Банкке электрондық банктік қызметтерді тоқтата тұру жөнінде арыз жолдауға;

- интернет-банкингтегі кіру паролін өз қалауынша өзгертуге;

- электрондық банктік қызметтерді ұсынуды тоқтатуға 10 (он) жұмыс күні қалғанға дейін Банкке жазбаша хабарлауды жолдау арқылы электрондық банктік қызметтерден бір жақты тәртіппен бас тартуға;

- Банктен электрондық банктік қызметтерді алу мәселелері бойынша кеңестерді алуға **құқылы**.

8. ҚАУІПСІЗДІК ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

- 8.1. Электрондық банктік қызметтер ұсынылған жағдайда қолданылатын Банктің ақпараттық қауіпсіздіктің бағдарламалық-техникалық құралдары екі негізгі құрайтынға негізденеді:
 - 8.1.1. Желінің топологиясын ұйымдастыру. Ғаламдық Интернет желіден кіруге рұқсат берілген серверде құпия ақпарат сақталмайды. Бұл үшін кілттерді бөлу сервері және клиенттерге қызмет көрсету үшін ақпараттар бар мәліметтер базасы ғаламдық желіден кіруге рұқсат беру мүмкіндігі жоқ жеке желі сегментіне шығарылады.
 - 8.1.2 Ғаламдық желіден кіруге рұқсат берілген сервер мен Клиент арасындағы мәліметтердің қауіпсіз алмастыруды қамтамасыз ету. Бұл үшін серверді алмастыру жағдайын болдырмауға жол беретін трафикті шифрлау алгоритмдері пайдаланылады, клиент пен сервердің тарабында хабарлау мен алмасу хаттамаларын салыстыру жолымен қауіпсіздік жүйесіндегі кемшіліктерді бұрын анықтау. Сәйкес келмеулер анықталған жағдайда транзакция жойылады, ал пайдаланушының (немесе сервердің) кілті жарамсыз деп саналады.
- 8.2. Берілетін ақпараттың құпиялығы мәліметтердің шифрлануымен қамтамасыз етіледі (SSL – ағыл. Secure Sockets Layer —қорғалған сокеттердің хаттамасы). Берілетін ақпараттық тұтастығы әрбір SSL топтамасын хеширландыруымен қамтамасыз етіледі.
- 8.3. Даулы жағдайларды қарау және талдау үшін мәліметтерге кіру рұқсаты Клиентпен және Банспен жіберілген/қабылдаған барлық құжаттардың мұрағатын жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.
- 8.4. Пайдаланушылардың барлық әрекеттері жүйеде жасалған электрондық журналға жазылатын болады.
- 8.5. Клиентті интернет-банкингті пайдаланушы ретінде тіркеу үшін Клиенттің СТН және Банктің Клиентке беретін сәйкестендіру коды қажет болады.
- 8.6. Сәйкестендіру/активтендіру кодының құрамына кіретін таңбалар тәртібі мен саны Банспен автоматты түрде құралады.
- 8.7. Клиентті және оның электрондық банктік қызметтерді алу құқығын сәйкестендіруді Банк Клиент көрсеткен мәліметтердің дұрыстығын тексеру арқылы жүзеге асырады:
 - 8.7.1. Клиентті интернет-банкингке тіркеу кезінде – Клиенттің СТН мен сәйкестендіру кодын;
 - 8.7.2. Мобильдік төлемдер жүйесінде активтендіру кезінде – тіркелген телефон нөмірі мен активтендірілген кодты;
 - 8.7.3. интернет-банкингке кіру кезінде – логин мен парольді;
- 8.8. Банктік құпиясы бар ақпараттарға санкциясыз кіруден қорғауды қамтамасыз ету үшін Банк Клиенттің интернет-банкингке кіру кезінде логин мен парольді дұрыс көрсеткендігін автоматты тексеруді жүзеге асырады. Мобильдік төлем жүйесін пайдалану кезінде Клиенттің сәйкестігін тексеру электрондық банктік қызмет көрсету жөнінде ресми сұрау жіберілген ұялы телефон нөмірі бойынша жүзеге асырылады.
- 8.9. Интернет-банкингке парольді үш рет қатарынан дұрыс енгізбеген жағдайда, Банк оны 30 минутқа оқшаулап тастайды, осы уақыт аяқталған соң Клиент парольді дұрыс енгізген жағдайда, оған интернет-банкингте жұмыс жасауға мүмкіндік беріледі. Егер, Клиент интернет-банкингке кіру кезінде парольді дұрыс теріп, ал логинді қате терсе, интернет-банкингке кіру санына Банк шектеу қоймайды.
- 8.10. Егер, клиент интернет-банкингке кіргеннен кейін компьютер 15 минут бойы әрекетсіз жағдайда тұратын болса, интернет-банкингтен шығу және сессияны аяқтау автоматты түрде жүзеге асырылады.
- 8.11. Клиенттің логині мен парольін сақтау қауіпсіздігі мақсатында интернет-банкингке кіру процедурасын қысқарту қарастырылмаған.
- 8.12. Клиенттің интернет-банкинг арқылы электрондық банктік қызмет алу жөніндегі нұсқауының растығын тексеруді Банк клиент енгізген сессиялық Пин-код бойынша автоматты түрде жүзеге асырады. Сессиялық ПИН-код клиенттің сессия кезеңі ішінде интернет-банкинг арқылы алынған ресми сұрауы бойынша MBank модулінде құралады және АБАЖ-де тіркелген телефон нөміріне жіберіледі. Сессиялық ПИН-кодты көрсету транзакциялық-банктік қызметтер алу кезінде талап етіледі.
- 8.13. Клиенттің мобильдік төлем жүйелері арқылы электрондық банктік қызмет алу жөніндегі нұсқауының растығын тексеруді Банк клиент енгізген растау коды мен операцияны растау паролі бойынша автоматты түрде жүзеге асырады мобильдік төлем жүйесінде қолданылатын растау коды мобильдік төлем жүйесінде автоматты түрде құралады және тіркелген телефон нөміріне электрондық банктік қызмет көрсетілген кезде Клиентке жіберіледі.
- 8.14. ПИН-кодты енгізу сондай-ақ, Клиент өзінің жеке бейімдеулерін өзгерткен және интернет-банкингтен осы Талаптардың 4 тарауында көзделген басқа да қосымша қызметтерді алған кезде пайдаланылады.
- 8.15. Банктік құпиясы бар ақпараттарға санкциясыз кіру немесе осындай әрекеттер болғандығы, оның санкциясыз өзгертілгендігі, санкцияланбаған төлемдер немесе ақша аударымдары жүзеге асырылғандығы және Банк электрондық банктік қызмет ұсыну кезінде туындайтын өзге де санкцияланбаған әрекеттер анықталған жағдайда, Банк бұл жөнінде Клиентті осындай жағдайлар анықталғаннан кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық байланыс арналары арқылы хабарлама жіберу жолымен хабардар етеді.
- 8.16. Осы Талаптардың 10.3 тармағында көрсетілген санкцияланбаған әрекеттер туындаған жағдайда, Банк олардың зардаптарын жою және келешекте бұндай жағдайларға жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды шұғыл түрде қолданады.

9. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

- 9.1. Банк Клиенттің банктік құпиясы бар ақпараттарына үшінші тұлғалардың санкциясыз кіруінің алдын алу үшін шаралар қабылдауды міндетіне алады. Бұндай ақпараттар үшінші тұлғаларға тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тіртнппен ғана ұсынылады.
- 9.2. Парольдарды, ПИН-кодтарды, сессиялық ПИН-кодтарды пайдалану Клиентке қандайда бір құпия ақпаратты беруді немесе Банктің оларды сақтауын қарастыратын болса, Банк бұларды Клиентке бергенге дейін, сондай-ақ көрсетілген ақпаратты сақтау кезінде оларға үшінші бір тұлғалардың кіруінің алдын алу үшін барлық қажетті және Банкке қатысты барлық шараларды қолдануды міндетіне алады.
- 9.3. Банктік құпиясы бар ақпараттарға санкциясыз кіруден қорғауды қамтамасыз ету үшін Банк интернет-банкингке кіру кезінде Клиент көрсеткен логин мен парольдің дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады. Мобильдік төлем жүйесін пайдалану кезінде Клиенттің сәйкестігін тексеру электрондық банктік қызмет көрсету жөнінде ресми сұрау жіберілген ұялы телефон нөмірі бойынша жүзеге асырылады.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 10.1. Тараптар Банк электрондық банктік қызметтер көрсетуді ұсынған кезде туындайтын өз міндеттемелерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.
- 10.2. Банк құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.
- 10.3. Банк:
 - Банк Клиентке сәйкестендіру/активтендіру кодын бергеннен кейін, сәйкестендіру/активтендіру кодын жариялағаны үшін;
 - Клиент:
 - а) интернет-банкингке кіру үшін қажетті логин мен парольді жария ету салдарынан;
 - б) Клиент ұялы телефонын немесе тіркелген телефон нөмірі бар мобильдік төлем жүйесіне кіретін басқа да құралды, сондай-ақ төлем карточкасы немесе құпия кодын жоғалтуы немесе оларды үшінші тұлғаларға беру салдарынан банктік құпиясы бар ақпараттарға санкциясыз кіргендері үшін;
 - Клиенттің банктік шоттарға орналасқан ақшаларына Клиент:
 - а) интернет-банкингке кіру үшін қажетті логин мен парольді жария еткені және интернет-банкингте транзакциялық-банктік операцияларды жүзеге асыруға арналған сессиялық ПИН-код жөніндегі ақпарат түсетін тіркелген телефон нөмірі бар ұялы телефонды бір мезгілде жоғалтқан немесе үшінші тұлғаларға берген кезде;
 - б) Клиент ұялы телефонын және мобильдік төлемдер жүйесі арқылы транзакциялық-банктік операцияларды жүзеге асыру үшін жеткілікті, тіркелген телефон нөмірі бар мобильдік төлемдер жүйесіне кіретін басқа да құралды жоғалтқан немесе үшінші тұлғаларға берген кезде Клиенттің ақшаларына санкциясыз кіргені үшін;
 - в) Клиент операцияна растау паролін жария еткені немесе жоғатқаны үшін;
- 10.4. Клиент осы Талаптарды сақтамағандықтан Банкке келтірілген шығындар үшін толық көлемде жауапкершілік атқарады.

11. ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 11.1. Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алу мәселелері жөніндегі өтініштері Телефон қоңырауларына қызмет көрсету орталығымен телефон арқылы немесе веб-сайтта көрсетілген электрондық адресітегі электрондық арналар бойынша электрондық Клиенттерді қолдау қызметі арқылы қабылданады.
- 11.2. Клиенттің өтініші осы бөлімде көрсетілген мерзімде Банкке түскен жағдайда ғана қаралатын болады.
- 11.3. Банк Клиенттен Банкке өтініш түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Клиент көрсеткен себептерді жою үшін барлық шараларды қабылдайды. Жүргізілген шаралар қорытындыларын Клиентке жеткізу мерзімі 2 (екі) жұмыс күнінен аспауы керек.
- 11.4. Егер, Клиенттің өтініші бойынша ол айтқан себептерді жою жөнінде ешқандай әрекеттер жүргізілмесе, немесе жасалған жұмыстар көрсетілген кемшіліктерді жоймаса, Клиент Банкке осындай даулы мәселелерді қарау үшін арыз береді.
- 11.5. Даулы мәселелерді қарау үшін Банкте комиссия құрылады.
- 11.6. Комиссия осы Талаптардың 11.4 тармағында көрсетілген арыз алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде құрылады.
- 11.7. Комиссия даулы мәселелер туындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды шешу үшін шаралар қабылдайды. Банк жүргізілген шаралар қорытындылары жөнінде Клиентке 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Банк өткізген шаралар туралы жазбаша жауап ұсынады.

12. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУДЫ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

- 12.1. Осы Талаптардың 12.2 тармағында көзделген негіздер бойынша электрондық банктік қызметтер тоқтата тұрылған немесе тоқтатылған жағдайда, Банк Клиентті осындай жағдайлар туындаған кезден бастап 3 (үш)

жұмыс күні ішінде Клиент тіркеу кезінде көрсеткен оның электрондық адресіне немесе тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама жолдау жолымен хабардар етеді.

- 12.2. Электрондық банктік қызметтерді тоқтата тұруды немесе тоқтатуды Банк мынадай жағдайларда жүзеге асырады:
 - 12.2.1. Клиент Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамаған немесе осы Талаптар мен веб-сайтқа орналастырылған нұсқаулықтарды бұзған кезде;
 - 12.2.2. электрондық банктік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін техникалық құралдар бұзылған жағдайда;
 - 12.2.3. Клиенттің берген арызы негізінде оның бастамасы бойынша;
 - 12.2.4. ҚР қолданыстағы заңнамаларында және/немесе Шарттарда және осы Талаптарда немесе веб-сайтқа орналастырылған ережелерде көзделген басқа да негіздер бойынша.
 - 12.2.5. SMS-хабарламаларды беруді тоқтата тұруды немесе тоқтатуды Банк, сондай-ақ жинақтау шоты жабылған немесе Клиенттің Банкте ашылған жалғыз ағымдағы шотына кіре алатын төлем карточкасы жоғалған кезде жүзеге асырады.
- 12.3. Клиенттің электрондық банктік қызмет алу құқығын тоқтатуға себеп болған кемшіліктер жойылған кезде, Клиентке электрондық банктік қызмет көрсету қалпына келтіріледі.
- 12.4. Электрондық банктік қызмет көрсету қалпына келтірілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банк Клиентті тіркеу кезінде Клиент көрсеткен оның электрондық адресіне немесе тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама жолдау жолымен хабардар етеді.

ГЛОССАРИЙ

1. активтеу коды – Клиент мобильдік төлемдер жүйесіне кіру кезінде оған берілетін және мобильдік төлемдер жүйесінде тіркелген телефон нөмірін активтеу үшін пайдаланылатын сандардың бірегей тізбектілігі
2. еүпнұсқаландыру – Банкпен белгіленген қауіпсіздік процедураны пайдалану жолымен электрондық хабарлауды құрастырудың түпнұсқалығын және дұрыстығын растау.
3. Банк – «Темірбанк» АҚ.
4. банктік салым/салым – банктік салым шартымен белгіленетін көлемі, есептелген сыйақымен атаулы құндағы осы соманы қайтару талаптарында Банкке берілетін ақша сомасы;
5. банктік қарыз/қарыз – Банк Қарыз алушыға қайтарымы, төлемдік, жеделдік талаптарында және банктік қарыз шартымен анықталған басқа да талаптарында берген ақша сомасы.
6. банктік шот – Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы немесе жинақтаушы шоты.
7. веб-сайт – электрондық банктік қызметтерді көрсету үшін интернет желісінде ашылған Банктің веб-сайты (<https://ibank.temirbank.kz/>).
8. төлем карточканың иесі – банктік шот шартына немесе банктік қарыз шартына сәйкес төлем карточканы (сондай-ақ қосымша төлем карточканы) пайдалану құқығы бар жеке тұлға.
9. динамикалық сәйкестендіру – сессиялық ПИН-кодын пайдалану жолымен электрондық банктік қызметтерді алу құқығын бір мағынада растау мақсатында Клиенттің түпнұсқалығын анықтау процедурасы.
10. Шарт – Банктің (www.temirbank.kz) веб-сайтына орналастырылған электрондық банктік қызметтерді көрсетуге қосылу шарты және осы шарт негізінде Банк Клиентке байланыс арналарына қарай электрондық банктік қызметтер көрсететін Шарт.
11. жеке басты куәландыратын құжат – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тізбесі белгіленген Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттар.
12. тіркелген телефон нөмірі – ұялы байланыс операторы SIM-картаға беретін мобильдік нөмір, Клиент электрондық банктік қызметтерді пайдаланушы ретінде тіркелген кезде көрсетілген электрондық банктік қызметтер осы нөмірді пайдаланып ұсынылады.
13. SMS-хабарлауға қосылу жөніндегі арыз - SMS-хабарлауға қосылу үшін Клиент/төлем карточка иесі толтырған және Банкке ұсынған белгілі нысандағы арыз.
14. сәйкестендіру коды – интернет-банкингке қосылған жағдайда Клиенттің дербес авторландыру үшін сандардың бірегей реттілігі.
15. клиенттің Нұсқаулықтары – Клиенттің белгілі деректемелері бойынша Банк Клиенттің банктік шотынан төлемдерді/ақша аударымдарды жүзеге асыру туралы, Банк электрондық банктік қызметтерді көрсеткен жағдайда пайдаланатын байланыс арналары бойынша Банкке берілген Пин-кодпен/сессиялық Пин-кодпен куәландырылған Клиенттің өкімі;
16. интернет – байланыс үшін хаттамалардың біріңғай жиынтығын пайдаланатын, әр түрлі желілердің, серверлердің және компьютерлердің бірлестігін болып табылатын ғаламдық ақпараттық жүйесі.
17. интернет-банкинг – Банктің веб-сайты арқылы Интернеттің көмегімен Банк Клиентке көрсететін электрондық банктік қызметтердің кешені.
18. ақпараттық-банктік қызметтер – Клиенттің сұранысы бойынша немесе осы Талаптарында көзделген тәртіпте Банк пен Клиент арасында жасалған шарт бойынша көрсетілетін және көрсеткен банктік қызметтер туралы басқа да ақпарат және банктік қарыз шарты бойынша төлем сомасы, ссудалық берешектің қалдығы туралы, жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары туралы, оның банктік шоттарындағы қалдықтары мен ақша қозғалысы туралы ақпаратты Банк Клиентке ұсынуымен байланысты электрондық банктік қызметтер.
19. Клиент – Банкпен Банктік шот шартын/банктік салым шартын/банктік қарыз шартын жасаған және электрондық банктік қызметтерді пайдаланылатын жеке тұлға.
20. растау коды – мобильдік төлем жүйесі арқылы электрондық банктік қызметтерді ұсынуды сәйкестендіретін динамикалық қалыптасатын сандық код.
21. авторландырудың қолталған сөзі – Клиенттің мобильдік төлем жүйесіне қосу үшін Банктің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша берілген арызында көрсетілген немесе Клиент интернет банкинг немесе Банк банкоматы арқылы мобильдік төлем жүйесін пайдаланушы ретінде тіркелген кезде автоматты түрде құралатын және Клиентке берілетін және Клиент Телефон қоңырауларына қызмет көрсету орталығына/Авторландыру орталығына телефон шалуы кезінде оны сәйкестендіруге арналған кез келген сөз немесе әріптер/сандар комбинациясы.
22. лимит – 1 (бір) тәулік ішінде мобильдік төлемдер жүйесін пайдаланып жүзеге асырылатын қолма қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының барынша көп сомасы.
23. оператор – Банкпен жеке тұлғалардан өзінің пайдасына түсетін төлемдерді қабылдау шартын жасаған заңды тұлға.
24. ұялы байланыс операторы – Қазақстан Республикасының аумағында ұялы байланыс қызметтерін ұсынатын және Банкпен SMS-қызметтерді көрсету туралы шартын жасаған заңды тұлға.
25. мобильдік төлемдер жүйесінің операторы/SMS-қызметтері жүйесінің операторы – мобильдік төлемдер

жүйесі/SMS-қызметтері жүйесі арқылы Банк Клиенттеріне электрондық банктік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсететін және Банкпен мобильдік төлемдер жүйесіне қосуға/SMS-қызметтерін ұсынуға Шарт жасасқан заңды тұлға.

26. операцияны растау паролі – Клиент жеке өзі белгілейтін. Клиент мобильдік төлемдер жүйесі арқылы электрондық банктік қызметтерді пайдаланған кезде Клиентті сәйкестендіруге арналған кез келген сөз немесе сөздер мен сандардың комбинациясы.

27. ПИН-код – осындай кодты қолдану үшін Банк белгілеген мерзім ішінде интернет-банкинг арқылы ұсынылатын қосымша қызметтерді пайдалану кезінде Клиентті сәйкестендіруге арналған Банктің Клиентке беретін құпия коды.

28. төлем карточкасы – осындай карточка иесіне карточка операцияларын жүргізуге мүмкіндік беретін, электрондық терминалдар немесе ішінде ақпараты бар басқа да қондырғылар арқылы өз ақшаларына қол жеткіздіретін құрал. Төлем карточкалары дебеттік және кредиттік болып екіге бөлінеді.

29. қауіпсіздік процедурасы – электрондық банктік қызметтерді алу және қателерді және/немесе берілетін және алынатын электрондық хабарлаудың мазмұнында өзгертулерді анықтау құқығын белгілеу мақсатында электрондық хабарларда құрастырған, жіберген және алған жағдайда клиентті сәйкестендіру үшін белгіленген ұйымдастыру шаралардың және ақпаратты қорғаудың бағдарламалы-техникалық құралдардың кешені.

30. жұмыс күні - сағ. 9.00-ден 13.00-ге және 14.00-ден 17.30-ға дейін (жергілікті уақыт бойынша) күн сайын, Қазақстан Республикасының ресми мереке және демалыс (сенбі, жексенбіні қоса) күндерінен басқа күндері.

31. банк Сайты – Банктің <http://temirbank.kz/> адресімен (домендік апен) Интернет желісіндегі интерактивті өкілеттігі.

32. сессия – веб-сайт арқылы Клиент электрондық банктік қызметтермен үздіксіз пайдаланатын ішіндегі уақыттың кезеңі. Егер Клиент 15 минуттың ішінде интернет-банкингте ешқандай әрекеттерді жүзеге асырған жағдайда сессия автоматты түрде аяқталады, ал интернет-банкингке қайтадан кіру Клиенттің логинін және паролді қайтадан теру жолымен жүзеге асырылады.

33. сессиялық ПИН-код – Клиенттің сұранысы бойынша және сессия кезеңінде электрондық банктік қызметтерге рұқсат енуді ұсынған жағдайда пайдалану үшін белгіленген бағдарламалы-аппараттық құралдарымен жасалатын электрондық сандар символдарының бірегей реттілігін құрайтын бір жолғы коды. Клиент электрондық банктік қызметтерге қосымша енген жағдайда жаңа сессиялық ПИН-код құрастырылады және пайдаланады.

34. мобильдік төлемдер жүйесі – екі жақты SMS-хабарлама жіберу арқылы (алмасу) Клиент пен Банк арасындағы алыстатылған коммуникация мүмкіндігін іске асыратын және Клиентке ұялы байланыс операторларының арналарын және тіркелген телефон нөмірлерін пайдаланып, Банкке электрондық банктік қызмет көрсету туралы нұсқауды жолдауға мүмкіндік беретін бағдарламалық-аппараттық кешен.

35. тарифтер – Банктің көрсеткен қызметі үшін Клиенттің төлеуге жататын сыйақы мөлшерін белгілейтін Банктің ішкі құжаты.

36. транзакциялы-банктік қызметтер – Клиент банктік шоттарды ашумен және жабумен, төлемдерді және ақша аударымдарды жүргізумен, шетел валютадағы айырбастау операциялармен, банктік қарыздарды беру және ақпаратты-банктік қызметтерге жатпайтын басқа да банктік операцияларды жүзеге асырумен байланысты электрондық банктік қызметтер.

37. филиал – Банк тұрған жерден тыс жерге орналасқан, Банктің атынан банктік қызметті жүзеге асыратын және Банк өзіне берген өкілеттіктер шегінде іс-әрекет жасайтын, заңды тұлға болып табылмайтын Банктің жеке бөлімшесі. Банк Филиалының Банкпен бірдей балансы, сондай-ақ Банктің атымен толық сәйкес келетін атауы болады.

38. БҚКО – банктік қызмет көрсету орталығы, басқа пошталық мекен-жайға орналасқан, Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін орындайтын Банк филиалының бөлімшесі.

39. авторландыру орталығы - қызметтік міндеттері: дауыстық активтеуді жүзеге асыру; мобильдік төлемдер жүйесіне кіруді оқшаулау болып табылатын Банк бөлімшесі. Авторландыру орталығы тәулік бойы, демалыс және мереке күндерінсіз жұмыс жасайды. Банктің Авторландыру орталығының телефоны Банктің сайтында және/немесе Банктің ақпараттық-жарнамалық материалдарында көрсетілген. Клиенттің Банктің Авторландыру орталығының қызметкерімен телефон арқылы жүргізген келіссөздері кейіннен Банк пен Клиент арасында туындауы мүмкін кез келген даулы мәселелерді шешу мақсатында жазып алынатын қондырғыға автоматты түрде тіркеледі. Осымен, Клиент Банктің Авторландыру орталығы қызметкерінің Клиентпен телефон арқылы жүргізген келіссөздерін жазып алатын қондырғы арқылы жазып алуына және осы жазбаны келіспеушіліктерді ретке келтіру кезінде пайдалануына, сондай-ақ көрсетілген жазбаны сотта айғақ ретінде пайдалануларына өз келісімін береді.

40. телефон қоңырауларына қызмет көрсету орталығы – қызметтік міндеттері: банктік қызмет көрсету мәселелері бойынша кеңес беру, оның ішінде электрондық банктік қызмет көрсету болып табылатын Банк бөлімшесі. Телефон қоңырауларына қызмет көрсету орталығы күн сайын (сенбі мен жексенбіні қоса), ресми демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 8:00 бастап 22:00 дейін жұмыс жасайды. Банктің Телефон қоңырауларына қызмет көрсету орталығының телефондары:

Алматы қ. қалалық телефондарынан - 250-00-08;

Қазақстан Республикасының басқа аймақтарындағы қалалық телефондардан – 8-(8000)-800-808;

Ұялы телефондардан - 2008.

Клиенттің Банктің Авторландыру орталығының қызметкерімен телефон арқылы жүргізген келіссөздері кейіннен Банк пен Клиент арасында туындауы мүмкін кез келген даулы мәселелерді шешу мақсатында жазып алынатын қондырғыға автоматты түрде тіркеледі. Осымен, Клиент Банктің Авторландыру орталығы қызметкерінің Клиентпен телефон арқылы жүргізген келіссөздерін жазып алатын қондырғы арқылы жазып алуына және осы жазбаны келіспеушіліктерді ретке келтіру кезінде пайдалануына, сондай-ақ көрсетілген жазбаны сотта айғақ ретінде пайдалануларына өз келісімін береді.

41. электрондық банктік қызметтер – ғарыштық байланыс немесе басқа байланыстың түрлері арқылы телекоммуникация арналары бойынша Банк ұсынатын банктік операциялардың басқа да түрлерін жүзеге асыру және/немесе төлемдер мен ақша аударымдар жүзеге асырғанда банктік шотты (тарды) ашу немесе жабу, банктік шот (тар) бойынша жүргізілген операциялар, банктік шотта (тарда) ақша сомасы туралы ақпаратты алу үшін Клиент өзінің банктік шотына (тарына) ену рұқсатын алуға байланысты қызметтер. Электрондық банктік қызметтер ақпаратты-банктік және транзакциялы-банктік қызметтерге бөлінеді.

42. SMS-хабарлау – Банктің Клиентке/Төлем карточкасын иеленушіге олардың жинақтау шоттары/төлем карточкалары бойынша ақша қалдықтары және олардың қозғалыстары, жүргізілген төлемдер мен аударымдар және көрсетілетін және көрсетілген банктік қызметтер туралы өзге де ақпараттарды, Клиенттің/Төлем карточкасын иеленушінің Банктің ішкі құжаттарында және Шартта белгіленген нысан бойынша SMS-хабарламаға қосуға берген арызы негізінде Клиент/Төлем карточкасын иеленуші жеке ресми сұрау жібермей-ақ, тіркелген телефон нөміріне SMS-хабарлама жолдау арқылы ақпарат берумен байланысты (операцияны жүргізуден бас тарту жөніндегі ақпаратты қоса) электрондық банктік қызмет.

43. SMS-хабарлама – SMS-қызметтері жүйесінің операторы арқылы Банктің Клиентке немесе Клиенттің Банкке жолдайтын, белгіленген нысандағы қысқа мәтіндік хабарлама.

44. SMS-қызмет - SMS-қызметтері жүйесі операторының Банкке көрсететін, SMS-хабарлама жолдау арқылы Банктің Клиентке немесе Клиенттің Банкке ақпарат беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін қызметі. Қысқа мәтіндік хабарлама көлемі мен мазмұнын SMS-қызметтері жүйесінің операторы белгілейді.